


Сәуірдің отызы
Тыныштық елге аманат





Сабақтың мақсаты: 11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну.

Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру.

Жаңа сөздер:

тыныштық, берекесіздік, құрдым,
қайталанбас

Айтылым.Жазылым.

1-тапсырма Ұлы тұлғалардың ел тыныштығы жайлы айтқан нақыл сөздерін көшіріп жаз.
(Запишите цитаты великих людей о мире страны.) стр 163

- Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп (Күлтегін).
- Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады (Күлтегін).
- Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ (Білге Мерген).
- Бейбіт елде – сән бөлек, бүлінген елде – дау бөлек (Төле би).
- Жер бетіндегі бейбітшілік пен тыныштықты қаласақ, алдымен сәбилерге назар аударуымыз керек (Махатма Ганди).

Жазылым.

**2-тапсырма Нақыл сөздердегі бейбіт елге тән қасиеттерді диаграммаға түсір.
(В виде диаграммы напишите качества мирной страны.)**



Оқылым. Айтылым.

4-тапсырма Мәтінді оқы. Негізгі ойды анықтап жазыңыз.

(Прочитай текст. Определите и запишите основную мысль).стр 164

Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. Адамзат өмір бойы **тыныштықта**, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандап келеді. Бірақ нақты өмірде оған ешқашан толық қол жеткізген емес. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, соңғы 5 мың жылда жер бетінде небары 292 жыл ғана бейбітшілік «билік» құрыпты. Қалған уақыттың бәрінде мемлекеттер «Тыныштық керек болса – соғысқа дайындал» деген қағидамен өмір сүрген көрінеді. Осы аралықта жер бетінде 15 мыңнан астам **қантөгіс** шайқас өтіпті. Екінші дүниежүзілік соғыстан бері жер бетінде бейбіт өмір орнады десек те, әлемнің түрлі аймақтарында ірілі-ұсақты соғыстар, қарулы қақтығыстар, лаңкестік әрекеттер жиі кездесуде. Батыстың бір ғалымының есептеуіне қарағанда, өткен XX ғасырдың соңғы 45 жылында әлемде бар-жоғы 12 ғана «бейбіт» күн болыпты. Кейінгі 40 жылдың ішінде ғана дүниежүзінде 250 соғыс болып, 354 млн адам қаза тауыпты. Иә, жоғарыда келтірілген бұл деректер өте қорқынышты!..

XXI ғасырдың ең басты заңы – **татулық**. Президентіміз – бұл заңдылықтың құдіретін ерекше түсінетін әлемдегі нөреген, қайталанбас басшылардың бірі. Бейбітшілік пен келісімсіз әлемнің құрдымға кетуін, адамдардың қырылып кетуін, табиғат анамыздың экологиялық проблемаларға ұшырау мүмкіндігін біздің еліміз бен Елбасымыз өте жақсы біледі. Мемлекеттердің тәуелсіздігінен айырылу қаупі туралы елбасымыз Н.Назарбаев «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем **кеңістігінде** ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама» – дейді де, жалпы әлемдегі мемлекеттердің мемлекет болып қалу кепілдігі «бейбітшілік пен келісімде» жатқанын тілге тиек етеді. Әрине, әрбір азамат өз ортасы мен қоғамының бейбітшілігі мен келісімін құрметтей алуы тиіс.

Бірлік бар жерде тірлік барын ұққан халықпыз. **Ауызбірлік** пен түсіністік, қарапайым сыйластық, бейбітшілік пен келісім үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатынын еліміздің соңғы жылдардағы тәжірибесі дәлелдеп берді. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, әлемдік беделі қалыптасып, ілгері басып келеді.

Дінмұхамед Аязбеков



Сау болыңыздар!